

АБЗАЛ АЗАМАТ, АДАЛ ДОС ЕДІ

Өмірдің жеті күні бір апта болатын болса, сол аптаның жеті күнінің бір күнінде өмірге келесің, бір күнінде ғұмыр қақпасын жауып, фәниден бақиға аттанып кете барасың. Қалған бес күнді қазақ атам жалған деп жатады.

Арада болсаң, бүгін қос жиырма бесің құтты болсын деп құттықтап жатар едік. Амал бар ма?... Тек қана естелік жазып, еске алып, құран бағыштау ғана қолдан келетіні.

Тоқмұрзиев Қазбек Жайланұлы 1976 жылы 15-сәуірде өмірге келуді. Мақат кентіндегі М.Горький атындағы қазақ орта мектебінің табалдырығын 1983 жылы бірге аттадық. Біздер, Жәнібек үш үйден кейін, Қазбек төрт үйден кейін көрші тұрдық. Балалық шағымызда тай-құлындай тебісіп, бірге ойнадық. Ол өзі ерекше бала болды, жаңалыққа жаны құмар еді. Фотосуретке түсіріп, оны үйден шығарумен айналысты.

Велосипедті рамадан бастап жинауға машықтанып, жинап алып, көлік етіп мінді. Қазбек өзі бір сондай тілаалғыш, пысық, алғыр болды. Әрдайым үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, қолұшын беруге дайын тұратын. №402 бекетте қырда отыратын нағашы әжесіне көмектесуге сенбі күні түс ауа екі дөңгелекті досына мініп алып тарта беретін. Ол кез автокөліктің тапшы кезі, еш алаңы жоқ, шаруаға берілген Қазбек жексенбі күні кештетіп өз досына да шұбатын, сүтін алып үйіне көп жататын. Мектептің қоғамдық жұмыстарына да белсене араласты. Қазбек оқымағанның өнерлісі, актерлік шеберлігі өз алдына, жақсы музыкант болды. Фортепиано, аккордеон, домбырада еркін ойнайтын. Музыкалық мектепте оқымаған, ешқандай нота білмейтін тума талант еді. Мүмкін анасынан қанмен берілген қасиет болар, апай мектепте ән



сабағынан дәріс берді.

Мектептің жоғары 9-10 сыныбына көшкенімізде Қазбек қазақтың салт-дәстүрін дәріптей жүріп, беташар әнімен Мақатта жаңадан түсіп жатырған келіндердің бетін ашып, жанұялық өмірге жолдама беріп жүрді. Ол келіндер қазіргі таңда балалы-шағалы, бір-бір шаңырақтың отанасы болып, отбасылық өмірдің отын маздатуда. Тапқан тиын-тебенін өзінің қажеттілігіне жаратып, қалтасы бос жүрмеді.

Ауылдың ұлы арманшыл келеді дегендей, мектепті ойдағыдай аяқтап, аттестатын алған соң Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы мұнай техникумының энергетика факультетіне оқуға түсті. Оқуды оқи жүріп, шаңырақ көтеріп жанұя болуды жоспарлаған Қазбек техникумының

екінші курсын аяқтаған соң сол жердің Раушан атты Адай руының қызына сөз салып, отау тікті. Арада көп ұзамай Раушан екеуі қуанышқа кенеліп, араларына Ақбөпе атты сәби өмірге келді. Техникумды аяқтаған соң «Өзенэнергомұнай» басқармасына жұмысқа орналасып, өзен мұнайын игеруге атсалысты. Еңбек ете жүріп ұжымда абыройлы болған ол біраз жеделдес достар тапты. Біздер балалық шағындағы, олар болашағындағы достары боп Қазбектің салған сара жолымен осы күнге дейін аралас-құралас. Бала күнінен еңбекқор, нарық заманына бейім өскен Қазбек Жаңаөзен қаласынан кәсіп ашып, халыққа қызмет көрсетіп табыс тапты. Астына су жаңа көлік мінді. Қызу еңбектің қазанында қайнап жүрген жігітке көз тиді ме, әлде тағдырдың жазуы солай болды ма?..

Өмірдің — алды ыстық арты суық, алды ойын, артқы жағым-мұңға жуық!

дегендей, 2003 жылдың ақпан айында арыстай азамат, адал дос Қазбек Жайланұлының фәниден бақиға аттанғаны туралы жайсыз хабар естідік.

Азғантай ғана ғұмырында біраз шаруа аттанғаны туралы жайсыз хабар естідік. Азғантай ғана ғұмырында біраз шаруа аттанғаны туралы жайсыз хабар естідік.

Бүгінгі өмірге келген күнінде досымыздың алдынан жарылап, иман байлығын берсін демекпіз!

Еске алушы: сыныптас достары

КӨҢІЛ АЙТУ

Мақат ауданының жұртшылығы аса қадірлі азамат, ардақты мұнайшы, қоғам қайраткері

Деңгелбаев Орақ Ерғалиұлының

дүниеден өтуіне байланысты орны толмас қайғыға ортақтасып, марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, жақындарына қайғырып көңіл айтады.



Орақ Ерғалиұлы 1943 жылы 3 желтоқсанда Мақат кентінде мұнайшы отбасында дүниеге келіп, бар ғұмырын туған өлкесінің өсіп-өркендеуіне, мұнай саласының дамуына және ауданның қоғамдық-саяси өміріне арнады. Еңбек жолын 1960 жылы Мақат мұнай кәсіпшілігінде бастап, әр жылдары жауапты қызметтер атқарып, ұйымдастырушылық қабілетімен, адал еңбегімен ел құрметіне бөленді.

Өмірінің әр кезеңінде өндіріс саласында да, мемлекеттік қызметте де жемісті еңбек етіп, аудандық атқару комитетінде, аудандық кеңесте, мәслихатта жауапты қызметтер атқарды. Көп жылдар бойы аудандық Кеңес пен Мәслихат депутаты болып сайланып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты.

Еңбектегі табыстары үшін Орақ Ерғалиұлы мемлекеттік, облыстық және аудандық деңгейдегі бірқатар марапаттарға ие болып, «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен, мерекелік төсбелгілермен марапатталды. Сондай-ақ, оған Мақат ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Орақ Ерғалиұлы — адал еңбегімен, адамгершілік қасиетімен, елге деген жанашырлығымен көпшілікке үлгі болған ардақты тұлға еді. Оның жарқын бейнесі мен өнегелі өмір жолы аудан тұрғындарының жадында мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жаннатта болсын.

Қайғыға ортақтасып, отбасы мен туған-туыстарына сабыр тілейміз.

А.МӘМБЕТОВ,
Мақат ауданының әкімі

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

"Neogen Energy Development" ЖШС ҚР Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес 13.05.2026 жылы сағат 11:30-ға Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкелік округі, Доссор кенті, Мәдениет үйі ғимараты, Г. Сулейменова көшесі, 39 мекенжайы бойынша ашық жиналыс форматында «Neogen Energy Development» ЖШС-нің келісім-шарт аумағында көмірсутектерді барлау жұмыстарының жобасына қосымша ықтимал әсерлер туралы есеп (2023 жылғы 14 желтоқсандағы №5298-ҚС келісімшартына сәйкес) бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 47°58'15"С.Е, 53°06'05"Ш.Б 48°01'15"С.Е, 53°06'05"Ш.Б 48°01'15"С.Е, 53°09'10"Ш.Б 47°58'15"С.Ш, 53°09'10"Ш.Б.

ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы қосылу үшін шақыру сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtZlHkmQoqFvFP.1>

Конференция идентификаторы: 984 078 7984

Қатынас коды: 123456

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашының реквизиттері мен байланыс деректері: «Neogen Energy Development» ЖШС, БСН 230640003508 Алматы қ., Бостандық ауданы, Щепкин көшесі, 35, 38, тел. 8-702-216-5130.

Жобаны құрастырушылардың реквизиттері мен байланыс деректері: "EcoSmart" ЖШС, Астана қ., Нұра ауданы, Санжар Асфендияров көшесі, 3 үй, 180 пәтер, пошта индексі 010000, БСН 240840011111, тел.: 87024190246. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері: gul_shat_k@mail.ru, 87024190246.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошта мекен-жайы: Жергілікті атқарушы орган — Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы) ММ, пошта мекен-жайы: 060011, Атырау облысы, Атырау қ., Айтеке би көшесі, 77, электрондық пошта: atr.priroda@atyrau.gov.kz, Тел.: 8(7122)32-55-09.

Жобалық құжаттамамен Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz), сондай-ақ жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулардың басталуынан 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) қабылданады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Neogen Energy Development» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК сообщает, что 13.05.2026 года 11:30 ч. по адресу: Атырауская область, Мақатский район, Доссорская п.а., п.Доссор, здание Дома Культуры, по адресу Г. Сулейменовой 39, проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по «Отчету о возможных воздействиях к "Дополнению Проекта разведочных работ по поиску углеводородов на контрактной территории ТОО «Neogen Energy Development» (Неоген Энерджи Девелопмент) согласно Контракта №5298-УВС от 14.12.2023 г.».

Географические координаты территории воздействия: 47°58'15"СШ, 53°06'05"ВД, 48°01'15"СШ, 53°06'05"ВД, 48°01'15"СШ, 53°09'10"ВД, 47°58'15"СШ, 53°09'10"ВД.

Ссылка приглашения для подключения посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtZlHkmQoqFvFP.1>

Идентификатор конференции: 984 078 7984

Код доступа: 123456

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87024190246.

Реквизиты и контактные данные Инициатора: ТОО «Neogen Energy Development», БИН 230640003508 г.Алматы, Бостандыкский район, ул. Щепкина 35, 38, тел. 8-702-216-5130.

Реквизиты и контактные данные составителей проекта: ТОО «EcoSmart», г. Астана, район Нұра, улица Санжар Асфендияров, дом 3, кв. 180, почтовый индекс 010000, БИН 240840011111, тел.: 87024190246.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: gul_shat_k@mail.ru, 87024190246.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Местный исполнительный орган — ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», почтовый адрес: 060011, Атырауская область, г. Атырау, улица Айтеке би, 77, электронный адрес: atr.priroda@atyrau.gov.kz Тел.: 8(7122)32-55-09.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД (ndbecology.gov.kz), а также на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz).

Ардақты ұл, асқар тау әке, қимас бауыр

Дүйсенбаев Мұрат Хасанұлының

рухына бағышталған 1 жылдық дұға дастарханы 12 сәуір 2026 жылы сағат 11.00-де Мақат кенті, «Бақ-Ырыс» мейрамханасында жайылатынын хабарлаймыз.



Еске алушы: Дүйсенбаевтар әулеті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясы бұрын 2026 жылғы 23 сәуірге, сағат 10:00-ге (Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Г.Сулейменова көшесі, 39 «Доссор мәдениет үйі») белгіленген «Атырау облысындағы Құрлық кешеніне 2026 жылға арналған қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсатты жаңартуға арналған өтінім құжаттарының жиынтығы» тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдаудың болмайтыны туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өтетін нақты күні мен уақыты туралы ақпарат белгіленген тәртіпте қосымша жарияланатын болады.

КЕДЕЙШІЛІК ШЕГІНІҢ МӨЛШЕРІ

2026 жылдың II тоқсанына азаматтардың атаулы әлеуметтік көмекке құқығын, оларға тағайындалатын АӘК мөлшерін анықтауға қолданылатын 2026 жылдың I тоқсанындағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері 58 480 теңге және медиандық кірістің мөлшері 134 201 теңгені құрады.



Осыған байланысты II тоқсанда кедейлік шегінің мөлшері 46 970 теңге (медиандық кірістің 35 пайызы) болып отырғанын хабарлайды.

Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Редакцияда облыстық «Атырау» және «Прикаспийская коммуна» газеттеріне, сонымен қатар 7 аудандық («Кен Жылой», «Қызылқоға», «Дендер», «Серпер», «Нарын таңы», «Жайық шұғыласы», «Мақат тынысы») газеттеріне жарнама қабылдаймыз.

3-07-66, +7 778 482 17 55

МӘМС

ШАҒЫМДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Денсаулық сақтау министрлігінің 2026 жылғы 13 наурыздағы №132 бұйрығымен 2020 жылғы 8 қазандағы №648 «Біртұтас медициналық ақпараттық call-орталығының қызметін ұйымдастыру ережелері мен оның регламентін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Бұл өзгерістер 1414 байланыс орталығы арқылы медициналық көмек сапасына қатысты шағымдарды қабылдау функциясын алып тастау жолымен азаматтардың жеке деректерін қорғау деңгейін қамтамасыз ету және дәрігерлік құпияны сақтау талаптарын орындау мақсатында жүргізілді.

Азаматтар медициналық көмек сапасына қатысты шағымдарын келесі цифрлық қызметтер арқылы жолдай алады:

— Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайты —

Құқық

Сот шешімімен келіспеу — жиі кездесетін жағдай. Алайда көптеген азаматтардың жіберетін басты қателігі: олар мәселені соттан тыс шешуге тырысып, әртүрлі мемлекеттік органдарға шағымданады. Бұл — қате тәсіл.

Қазақстан Республикасында сот билігі тәуелсіз. Ешбір мемлекеттік орган сот шешімін өзгертуге немесе жоюға құқылы емес. Мұндай өкілеттік тек соттарға ғана берілген және ол заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бірінші қадам - апелляция
Егер соттың шешімі заңды күшіне енбесе, сіз апелляциялық шағым бере аласыз. Апелляция — істі қайта қараудың толыққанды сатысы.

Апелляциялық сот:
- істің мән-жайлары дұрыс

СОТ ШЕШІМІМЕН КЕЛІСПЕГЕН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

анықталғаны;
- дәлелдемелердің әділ бағалынған;
- заң нормаларының дұрыс қолданылғанын тексереді.
Бұл кезеңде істің нәтижесін өзгерту мүмкіндігі бар.

Екінші қадам - кассация
Егер сот шешімі заңды күшіне енген болса, кассациялық тәртіппен шағым беруге болады. Бірақ кассация — істі қайта қарау емес, заң бұзушылықтарды тексеру құралы.
Кассациялық сот:
- елеулі процессуалдық бұзушылықтардың бар-жоғын;

- материалдық құқық нормаларының дұрыс қолданылғанын қарайды.
Ең жиі жіберілетін қателік, кейбір азаматтар басқа мемлекеттік органдарға жүгінеді. Алайда:
- мұндай өтініштер істі қайта қарауға әкелмейді;
- сот шешімінің орындалуын тоқтатпайды;
- тек уақыт жоғалтуға себеп болады.
Нәтижесінде шағым беру мерзімі өтіп кетуі мүмкін.
Қандай әрекет жасау қажет? Заң тұрғысынан дұрыс әрекет:

- апелляциялық шағымды уақытында беру;
- құқық бұзушылықтарды нақты көрсету;
- процессуалдық мерзімдерді сақтау;
- сот сатыларының айырмашылығын түсіну.
Егер сіз сот шешімін өзгертіңіз келсе, заңда көзделген жолмен әрекет ету қажет.

А.АНЖАНОВА,
құқықтық түсіндіру жұмысы және заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы